



# ЖЕТІСУ шұғыласы

№30 (8918)
жұма 29 шілде
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.


## ПРЕЗИДЕНТ САУД АРАБИЯСЫНЫҢ ІСКЕР ТОПТАР ӨКІЛДЕРІМЕН ӨТКЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛГЕ ҚАТЫСТЫ

***Мемлекет басшысының Сауд Арабиясына ресми сапарының екінші күні елдің іскер топтар өкілдерімен өткен инвестициялық дөңгелек үстелге қатысудан басталды. Екі елдің инвестиция, экономика, сауда және қаржы салаларындағы ықпалдастығын нығайту кездесудің негізгі тақырыбы болды, деп хабарлайды akorda.kz***




Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларға ілтипат білдіре отырып, Сауд Арабиясының Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Саудпен өткізген кешегі кездесуінде сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту жөнінде маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілгенін айтты.

Президент мемлекеттеріміздің келешек экономикалық дамуға деген көзқарастары ұқсас екенін атап өтті.

*– «Saudi Vision-2030» бағдарламасы мен біздің «Қазақстан-2050» стратегиясы экономиканы әртараптандыру, шикізатқа тәуелділікті төмендету, адами капиталға инвестиция салу, түптеп келгенде, жоғары дамыған елдердің қатарына кіру арқылы ұлттық дамуға қол жеткізуді көздейді,* – деді Мемлекет басшысы.

Президент Сауд кәсіпкерлеріне Қазақстанның экономикалық жетістіктері туралы мәлімет берді.

*– Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 17 есе өсті. Бүгінде Қазақстан экономикасы Орталық Азиядағы барлық өзге елдер экономикасының жиынтық көлемінен асып түседі. Орталық Азиядағы тауар айналымының 60 пайызға жуығы Қазақстанға тиесілі. Еліміздің халықаралық резерві – 90 миллиард доллар және ТМД бойынша жан басына шаққанда ең жоғарысы саналады. Шетелдік инвесторлар еліміздің экономикасына 380 миллиард доллардан астам қаржы құйды. Бұл Орталық Азия аймағына салынған жалпы инвестицияның 70 пайызын құрайды,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанда Сауд Арабиясының қолдауымен білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және инфрақұрылым салаларында құны 120 миллион доллардан асатын бірқатар маңызды жоба жүзеге асырылғанын жеткізді. Қазақстан Президентінің пікірінше, бұл сома мемлекеттеріміздің әлеуетіне сай келмейді.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы ынтымақтастықты кеңейтудің мейлінше перспективті салаларын белгілеп берді. Ең алдымен, бұл екіжақты сауда-саттыққа қатысты.

*– Біз жүргізген талдауға сәйкес Қазақстан машина жасау, шойын және болат өндірісі, сондай-ақ тамақ өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы сияқты салалар бойынша құны шамамен жылына 400 миллион доллар болатын шикізат тауарларының 100-ден астам түрін ұсына алады,* – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай, Қазақстан, Әзербайжан, Грузия және Түркия арасын жалғастыратын көлік-транзит және логистикалық мүмкіндіктерді, соның ішінде Транскаспий бағдарын әртараптандыруды және кеңейтуді екінші маңызды бағыт ретінде атап өтті.

Оның пікірінше, ынтымақтастықтың мол әлеуетін экономиканың нақты секторында да пайдалануға болады.

*– Қазақстан әлемде вольфрам қоры бойынша 1-орын, уран мен хром бойынша 2-орын алады, ал марганец, күміс, мырыш, қорғасын байлығы бойынша алғашқы бестікке кіреді. Бұл қорларды барлап, зерттеу керек. Қарқынды дамып келе жатқан Қытай мен Оңтүстік Азия нарығына жақындығымызды ескере отырып, инвестиция салуға, шын мәнінде, бұл жақсы мүмкіндік. Бүгін біз барлау және әзірлеме жұмыстары үшін бағалы және түсті металдың 60-тан астам кен орнын ұсына аламыз,* – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан мен Сауд Арабиясының мұнай химиясы, атом энергетикасы, жасыл сутегі өндірісі салаларын дамыту, ғарышты зерттеу жөнінде және басқа да бағыттар бойынша жоспары бар.

*– Біз Корольдіктің Saudi Vision-2030 стратегиясы аясында өзінің ғарыштық бағдарламасын дамытуға деген ниетін қолдаймыз. Елдеріміздің ғарыш кеңістігін зерттеу және бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық үшін тиісті құқықтық базасы бар. Қазақстанның аэроғарыш саласын дамыту үшін тәжірибесі де, әлеуеті де жеткілікті. Біздің компанияларымыз осы салалар бойынша Сауд Арабиясының мемлекеттік және жеке компанияларымен өзара ынтымақтастық орнатуға дайын,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент отандық агросектордың әлеуетіне де тоқталды.

*– Қазақстан егістік көлемі бойынша жан басына шаққанда әлемде екінші, жайылымдық жерлер жөнінен бесінші орын (180 миллион гектар) алады. Еліміз бидай өсіретін және ұн өндіретін 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреді. Біз Корольдікке жоғары сапалы бидай, ұн және майлы дақылдарды тұрақты әрі ұзақ мерзімді жеткізуші елдердің бірі болуға дайынбыз,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.


2-бет


## ҚАЗАҚСТАНДА ПАЙДАЛАНЫЛМАЙТЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІН ЖАППАЙ ҚАЙТАРУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

***ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің күшімен 2022 жылдың 6 айында 904 мың га пайдаланылмаған немесе заңнаманы бұза отырып берілген жер мемлекет пайдасына қайтарылды (2021 жылы 430 мың га қайтарылды). Жыл соңына дейін тағы 5 млн га пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін қайтаруды қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бұл туралы primeminister.kz сайтында хабарлады***

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша пайдаланылмаған және заңнаманы бұза отырып берілген жерлерді қайтару жөніндегі жұмыс комиссиясы құрылды. Қазіргі уақытта бірнеше бағыт бойынша жұмыстар қатар жүргізіліп жатыр: барлық облыстарда құқық қорғау және мемлекеттік органдарды тарта отырып ведомствоаралық топтар құрылды; 7,45 млн га алаңда 2 584 субъектіге қатысты «жаппай қауіп» шеңберінде Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелерінің тексерулер жүргізуін көздейтін ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы қабылданды. 1 млн 517 мың га алаңда жер пайдаланушыларға қатысты 601 жоспардан тыс тексеру жүргізілді, 680,9 мың га жерге қатысты тағы 57 материал ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің басқармаларында тіркеу сатысында тұр. 2021 жылы 210 мың га алаңда жер пайдаланушыларға қатысты 177 жоспардан тыс тексеру тіркелді.

Мемлекет пайдасына қайтарылған жерлерді одан әрі аграрлық сектор өкілдеріне тікелей пайдалануға беру үшін жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер арқылы) бөледі.

## ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ПОРУЧИЛ РАЗВИВАТЬ ШКОЛЬНУЮ МЕДИЦИНУ



***Аскар Мамин дал ряд поручений в сфере развития детского здравоохранения, передает Egemen.kz.***

*«Министерству здравоохранения, акиматам поручаю принять меры по профилактике и ранней диагностике заболеваний, реабилитации, интегрированном ведении болезней с детского возраста. Необходимо развивать школьную медицину, материально--техническую базу кабинетов раннего развития и скрининга, домов ребенка, детских стационаров и поликлиник»,* сказал Аскар Мамин на заседании Правительства.

Он также отметил необходимость развития обеспечения занятостью досугом и спортом.

*«Прежде всего, акиматам поручаю принять меры по повышению числа детей, занимающихся спортом, и обеспечить соответствующее финансирование. Еще раз обращаюсь к акимам регионов: взять на особый контроль вопросы безопасности, досуга и здоровья детей»,* заключил глава Правительства.

**Egemen.kz**

## ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

***Пандемия басталғаннан бері аймақта 37 015 КВИ жағдайы тіркелді, оның ішінде 28 212 жағдай симптомды және 8803 жағдай симптомсыз болып тіркелген.***

Соңғы тәулікте 123 жағдай тіркелді, өсім қарқыны 0,3% - ды құрайды. Оның ішінде ауру белгілері бар 114 жағдай және 9 симптомсыз жағдай анықталды.

Ересектер арасында 92, 14 жасқа дейінгі балалар арасында 31, оқушылар арасында 3, медициналық қызметкерлер арасында 1 жағдай, оқытушылар арасында 3 жағдай және күш құрылымдарының қызметкерлері арасында 2 жағдай тіркелді.

*Облыс өңірлері бөлінісінде КВИ аурушаңдығы Ақсу ауданы-4, Алакөл ауданы - 12, Ескелді ауданы - 11, Қаратал ауданы - 6, Кербұлақ ауданы - 3, Көксу ауданы - 8, Панфилов ауданы – 11, Талдықорған қаласы - 60, Текелі қаласы-8.*

Бүгінгі таңда облыста вакцинаның алғашқы дозасын алғандар саны 316 991 адамға жетті, бұл иммундауға жататын ересек тұрғындардың 82,4% - ын құрайды. Ал екінші компонентті 305 273 азамат немесе 79,3% алды.

Сонымен қатар, облыста ревакцинация бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. Статистика бойынша 28 шілдеде өңірде ревакцинация курсынан 131 984 адам өтті, яғни 60,2%. Айта кету керек, олардың ішінде 28 986 адам Pfizer-ден Комирнати вакцинасымен қайта вакцинацияланды.

***Осы вакцинамен иммундау жұмыстары жасөспірімдер, жүкті және бала емізетін әйелдер арасында да жалғасуда. Бүгінгі таңда вакцинацияланған халық саны 34951 адамды құрайды, оның ішінде 24683 жасөспірім, 1072 жүкті әйел және лактация кезеңінде 5270 әйел. Вакцинаның екінші компонентін 32822 азамат алды. Оның ішінде 12-17 жас аралығындағы жасөспірімдер-23505, 976 жүкті және 4965 бала емізетін әйелдер.***

# 2022 ЖЫЛДЫҢ КЕЙІНГІ БЕС АЙЫНДА SMS АРҚЫЛЫ 150 МЫҢНАН АСТАМ БАЛА ТУУ ЖӘНЕ ОНЫҢ КҮТІМІ БОЙЫНША ТӨЛЕНЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫ РӘСІМДЕЛГЕН

***Бұл 2021 жылдағы көрсеткеткішпен салыстырғанда екі есе көп.***

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы әлеуметтік салада проактивті қызметтерді белсенді түрде енгізуді жалғастырып келеді. Бұл форматтың арқасында клиенттер ХҚКО-ға бармай-ақ, SMS арқылы бірнеше жәрдемақыны рәсімдей алады. Әлеуметтік саладағы ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтердің бірі – бала туу және оның күтімі бойынша төленетін жәрдемақыларды ресімдеу. Бала өмірге келгеннен кейін оның анасына жәрдемақы бойынша өтініш беру үшін SMS-хабарлама келеді. Бұл хабарламаға оң жауап беріп, жәрдемақы төленетін банктің шот нөмірін көрсету керек. Ары қарай бала туу және бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақылар проактивті түрде ресімделетін болады. Еске салайық, осы қызметті пайдалану үшін мобильді азаматтар базасында тіркелу керек. Осылайша, 2022 жылдың кейінгі бес айында бала туу және бала күтімі бойынша 152 298 мың жәрдемақы белсенді түрде ресімделді, бұл 2021 жылдағы кезеңмен салыстырғанда 2,2 есе көп (66 894 мың). Айта кетейік, бала туу бойынша жәрдемақы мөлшері балалар санына байланысты. Бірінші, екінші және үшінші баланың тууына байланысты жәрдемақы – 120 840 теңге (2022 жылы 38 АЕК), одан кейінгілеріне – 200 340 теңге (63 АЕК) болады. Жұмыс істемейтін әйелдер үшін бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы:

Бірінші бала күтімі бойынша – 18 317 теңге (5,76 АЕК);

Екінші бала күтімі бойынша – 21 656 теңге (6,81 АЕК);

Үшінші бала күтімі бойынша – 24 963 теңге (7,85 АЕК);

Төртінші және одан да көп бала күтімі бойынша – 28 302 теңге (8,90 АЕК).

Баланың бір жасқа толғанға дейінгі (босанғаннан кейін) күтімі бойынша ай сайынғы әлеуметтік төлем жұмыс істейтін әйелдерге ғана тағайындалады. Төлем мөлшері әлеуметтік аударымдар жүргізілген табысқа да байланысты болады. Төлемді есептеу үшін кейінгі 2 жылдағы орташа айлық табысты 0,4-ке көбейтіп, зейнетақы жарналарының 10 пайызын ұстап қалу қажет. Орташа айлық табыс 24-ке бөлінген кейінгі 2 жылдағы барлық ай сайынғы кірістердің сомасы ретінде есептеледі. Бұл ретте табысынан айырылған жағдайда баланың бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты төленетін әлеуметтік төлемнің ең жоғары мөлшері ең төменгі жалақының жеті еселенген мөлшерінің қырық пайызынан, ал әлеуметтік төлемнің ең төмен мөлшері – бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшерінен кем болмауға тиіс. Жәрдемақы төмендегідей есептеледі: 1. Егер алушының 2 жыл ішіндегі табысының орташа айлық мөлшері 120 000 теңге болса, онда төлем 48 000 теңге (120 000х 0,4) мөлшерінде тағайындалады. Осы сомадан зейнетақы жарнасының 10 пайызы шегеріледі. 2. Егер табыс мөлшері 7 АЕК-ден (2022 жылға 420 000 теңге) асатын болса, онда төлем ең жоғары 168 000 теңге (420 000х 0,4) деңгейде тағайындалады. Осы сомадан зейнетақы жарнасының 10% шегеріледі. 3. Егер табыс 40 000 теңгені құраған жағдайда, онда төлем 16 000 теңге (40 000×0,4) мөлшерінде тағайындалады. Осы сомадан зейнетақы жарнасының 10% шегеріледі. Осы ретте жәрдемақылар ҚР міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын еске саламыз. Бұл қызмет 7 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

**«Мемлекеттік корпорация» КЕАҚ**
**«Азаматтарға арналған үкімет»**
**Ескелді ауданы**

# ПРЕЗИДЕНТ САУД АРАБИЯСЫНЫҢ ІСКЕР ТОПТАР ӨКІЛДЕРІМЕН ӨТКЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛГЕ ҚАТЫСТЫ

Басы 1-бетте.

Туризм саласында да ықпалдастық орнатуға зор мүмкіндіктер ашылады. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы Сауд кәсіпкерлеріне Қазақстанның туристік-рекреациялық жобаларын қарастырып көруді ұсынды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда инвесторлар үшін заманауи институционалдық орта қалыптасқанын еске салды.

– *Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстанның Сауд Арабиясымен арадағы екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға және кеңейтуге бейілді екенін растағым келеді. Бүгін осында бүкіл әлемде айтарлықтай табыстарға қол жеткізген Сауд Арабиясының ірі компанияларының басшылары қатысып отыр. Мен бәріңізді өзара тиімді негізде Қазақстанда бірлесе жұмыс істеуге шақырамын,* – деді Қазақстан Президенті.

Дөңгелек үстел барысында Сауд Арабиясының Инвестиция министрі Халид Әл-Фалих, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, ҰБХ «Бәйтерек» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Қанат Шарлапаев, «SABIC» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Халид Хашим әл-Даббағ, «MA'ADEN» компаниясының бас директоры Роберт Уилт, «ACWA Power» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Абунайян сөз сөйледі.

Бұдан бөлек форум жұмысына Ajlan & Bros Holding Group, SALIC, Saudi National Bank, Alhokair Group, FlyNas, Savola Group, SPIMACO, National Technology Group (NTG), Kingdom Holding, Dr. Sulaiman Al Habib Medical Group, Al Rajhi International for Investment, Al Muhaidib Group, Jamjoom Pharma, Tabuk Agriculture Development сияқты ірі компаниялардың басшылары, сондай-ақ Сауд Арабиясы экономикасының барлық секторында жұмыс істейтін бірнеше ондаған компанияның жетекшілері қатысты.

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ресми сапары аясында мынадай құжаттарға қол қойылды:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен Сауда Арабиясының Спорт министрлігі арасындағы спорт саласы бойынша өзара түсіністік туралы меморандум.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Сауд Арабиясы Бұқаралық ақпарат құралдары министрлігі арасындағы БАҚ саласындағы ынтымақтастық жөнінде өзара түсіністік туралы меморандум.

3. «Сауд баспа ісі агенттігі» мен «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» КеАҚ арасындағы өзара түсіністік және ақпарат алмасу туралы меморандум.

4. Astana International Exchange Ltd. компаниясы мен Сауд қор биржасы (Tadawul) арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

5. Ірі қара мен қой еті импортына қойылатын санитарлық-техникалық хаттама.

6. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен ACWA Power компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

7. «Самұрық-Қазына» АҚ мен Ajlan & Bros Holding Group Ability компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім.

8. «KAZBIOSORGO» ЖШС мен Ajlan & Bros Holding Group компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

9. «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ мен Ajlan & Bros Holding Group Ability компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім.

10. «Оптоград» ЖШС мен Ajlan & Bros Holding Group Ability компаниясы арасындағы Қазақстаннан Сауд Арабиясына ет жеткізу жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум.

11. «KAZAKH INVEST Ұлттық компаниясы» АҚ мен Al Rajhi International for Investment (RAII) компаниясы арасындағы инвестициялар бойынша ынтымақтастық туралы меморандум.

12. «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ мен «Лулу Сауди Гипермаркетс» компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум.

13. «Eurasia Invest LTD» ЖШС мен Jamjoom Pharma компаниясы арасындағы Қазақстаннан Сауд Арабиясына құрғақ қымыз жеткізу туралы келісім.

# ПО 1 МИЛЛИОНУ ЛУЧШИМ МОЛОДЁЖНЫМ ПРОЕКТАМ!

***В Жетысу стартует реализуемый при поддержке министерства информации и общественного развития РК и центра поддержки гражданских инициатив проект «Zhasproject», доказавший свою эффективность. Об этом на брифинге в Талдыкоргане рассказала сегодня руководитель управления комитета по делам молодежи и семьи министерства информации и общественного развития Алмагуль Кутанова.***

*«В рамках «Zhasproject» молодые люди смогут получить до 1 млн. тенге на реализацию своей социальной инициативы, а также пройдут обучение и поддержку менторов»*, - сообщила А.Кутанова.

В свою очередь заместитель акима области Рустам Али подчеркнул, что данный проект предоставит огромную поддержку для молодежи региона.

*- Сегодня остро стоит проблема молодежной безработицы, имеющей множество причин, среди которых низкий уровень образования, неуверенность в себе и будущем, иждивенческие настроения, семейные проблемы. Потому реализация данного проекта, прежде всего, поддержит молодежь, вовлечет ее в общественно полезную деятельность. Ребята получат возможность изменить свою жизнь, поверить в себя, -* сказал Рустам Али.

Как было отмечено, к участию в конкурсе малых грантов приглашаются молодые люди от 18 до 28 лет включительно, имеющие постоянную или временную регистрацию на территории Алматинской области и области Жетісу не менее 3-х месяцев на момент участия в конкурсе. Приоритет будет отдан молодым людям из уязвимых групп. Реализация молодежных проектов длится 3 месяца. Прием заявок на участие в конкурсе стартует 26 июля и продлится по 10 августа текущего года.

Как отметили участники брифинга, первый шаг, который необходимо предпринять для подачи заявки - это определиться с идеей своего социального проекта. Перечень направлений молодежных проектов достаточно широк, главное, чтобы проект мог принести реальную помощь городу, району или селу. Сформировав свой проект, участникам необходимо зарегистрироваться на сайте и подать заявку.

Все зарегистрированные заявки пройдут двухэтапный отбор: технический - на соответствие основным требованиям и отбор конкурсной комиссией.

Участникам будет предоставлена консультационная помощь менторов. Менторы будут отобраны на конкурсной основе. Ими могут стать люди из разных сфер деятельности при наличии необходимого опыта работы в социальной сфере или работы с молодёжью, опыта реализации проектов или организации мероприятий, проживающие в областях реализации проекта.

***Важным инструментом станет механизм обратной связи и разрешения проблем, целью которого является сбор и анализ жалоб и предложений со стороны всех вовлеченных сторон.***

# В КАЗАХСТАНЕ ОТМЕЧАЕТСЯ РЕКОРДНЫЙ РОСТ ТУРИЗМА

***По итогам прошлого года зафиксирован рекордный показатель количества внутренних туристов, который составил 6,9 млн. человек, что выше допандемийного периода. Об этом сообщил вице--министр культуры и спорта Ержан Еркинбаев во время совещания в правительстве с участием заместителя премьер-министра Ералы Тугжанова, передает ЖШ Акпарат со ссылкой на официальный сайт Министерства культуры и спорта Республики Казахстан.***

По информации Ержана Еркинбаева, растет количество посетителей туристских дестинаций. Так, количество посетителей Щучинско-Боровской курортной зоны за 7 месяцев т.г. выросло почти в 2 раза, составив около 550 тыс. человек. До конца года прогнозируется 1 млн человек.

*"Согласно статистическим данным eQonaq еженедельно в Казахстан прибывает не менее 11 тыс. иностранных туристов. Лидерами по регистрации иностранцев в местах размещения являются: г. Алматы, г. Нур-Султан и Мангистауская область. Прирост с марта текущего года составил 136%",* - рассказал вице-министр.

Количество посещений таких объектов, как "Шымбулак" в рамках летнего сезона увеличилось на более чем 50%, составив около 240 тыс. человек. В целом вырос показатель посетителей национальных парков. По итогам полугода наблюдается рост количества посетителей на 50%. В этом году прогнозируется около 2 млн посещений национальных парков.

Рост количества иностранных посетителей напрямую связан с восстановлением международных авиасообщений, возобновлением безвизового режима и его либерализацией.

Также в рамках совещания Ержан Еркинбаев проинформировал о проделанной работе в части создания и развития мягкой инфраструктуры, безопасности и сервиса.

**ЖШ Акпарат**

# Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

***Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17, 84 баптарына, «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6 тарауына және «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 13,15 баптарына сәйкес, Ескелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:***

1. Ескелді ауданының Алдабергенов ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға жайылым алқаптарымен халық мұқтажын қанағаттандыру үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес Ескелді ауданында (Алдабергенов ауылдық округі,) орналасқан жер учаскелерін және өзге де жылжымайтын мүлік мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2022 жылдың 31 желтоқсаны болып белгіленсін.

3. Меншік иелері және мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүгінетін орын Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі № 65 «Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып белгіленсін.

4. «Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын;

2) заңмен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне және мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға ескертсін және тең бағалы жер учаскелерін беруді немесе өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

3) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып коюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін босаалқы жерлер құрамына өткізілсін;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

5.Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты туындайтын шығындар аудан бюджетінде қосымша қарастырылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау өзіме жүктелсін.

**Аудан әкімінің м.а. Б.Тулакбаев**

***Ескелді ауданы әкімігінің №____2022 жылғы***
***«_____» __________ қаулысының № қосымшасы***

| № | Кадастарлық номері | Аты-жөні/ атауы | Көлемі, га | Иеліктен шағарылатын жердің көлемі, га | Орналасқан жері | Нысаналы мақсаты | Құқығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 03264018554 | Байдаулетов Ернар Байдаулетұлы | 30 | 30 | Алдабергенов ауылдық округі | Шаруа қожалағын жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| 2 | 03264018623 | ЖШС «Жанатов и К» | 1942 | 210 | Алдабергенов ауылдық округі | Ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін | Уақытша өтеулі 49 жылға |
| Барлығы: | | | | 240 | | | |

**«Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қытынастары бөлімі» ММ бөлім басшысы А.Исабеков**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБІ — ҚОҒАМ АЙНАСЫ

***Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті.***

Демек, адамдар арасында осы қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бір ғана кәсіби білімділік пен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа қызметшінің жеке мінезқұлық мәселесі және бар. Яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек. Бұл туралы Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясында «өте жоғары этика мен кәсібилік тиімді мемлекеттік аппаратты құрудың негізгі өлшемі болып табылады» деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан, бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез--құлық мәселелеріне үлкен мән берілуде. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді.

Әлемдік өркениеттің үздік жетістіктерін, басқа халықтардың рухани қазыналарын бойымызға сіңіру қанша маңызды болса да біздің әрқайсымыз өзіміздің терең тамырымыз – туған жеріміз екенін есте ұстап, қай елдің азаматтары екенімізге есеп беруіміз қажет. Бұл орайда, мемлекеттік қызметшіге үлкен міндеттер жүктеледі. Оны абыроймен атқару аса өзекті мәселе. Мемлекет тірегі – халық. Рухани жаңғыру мен қоғамдық келісімді, елдің бірлігін қамтамасыз етуші – мемлекеттік қызметші.

**Д.ОРАЗБЕКОВ,**
**Ескелді ауданы әкімі аппаратының м.а.**

# ЮНЫМ КАЗАХСТАНЦАМ МОГУТ ЗАПРЕТИТЬ УПРАВЛЯТЬ ЭЛЕКТРОСАМОКАТАМИ

***В Казахстане с 1 июля вступил в силу национальный стандарт, устанавливающий технические характеристики электросамокатов. Об этом сообщил заместитель председателя Комитета административной полиции МВД Жандос Мураталиев, сообщает ЖШ Акпарат со ссылкой на МИА «Казинформ».***

*«С учетом требований данного стандарта нами прорабатывается вопрос по правовому статусу лица, управляющего электросамокатом, а также определяется порядок их движения по дорогам»,* — сказал Жандос Мураталиев.

Спикер добавил, что поправки послужат установлению прядка на дорогах Казахстана.

*«Думаю, эти поправки позволят принять адекватные меры административного воздействия в отношении «злостных» правонарушителей, что в том числе положительно повлияет на состояние аварийности в стране»,* — отметил Жандос Мураталиев.

В Казахстане, также, планируют ввести возрастное ограничение для управления электросамокатом.

*«Наличие водительского удостоверения при управлении электросамокатами требоваться не будет. Будет обязательное условие, что водитель, выезжающий на электросамокате на дорогу, на проезжую часть, велополосу или полосу общественного транспорта или на тот же тротуар, возраст водителя электросамоката должен достигнуть 16 лет«,* — сказал Мураталиев на онлайн--брифинге в Facebook.

Также, по его словам, электросамокаты должны быть оборудованы фарами или катафотами, чтобы их было хорошо видно в ночное время.

По словам Мураталиева, уже в этом году изменения будут внесены в закон «О дорожном движении», в правила дорожного движения, а также в КоАП.

Напомним, в начале июля правила для электросамокатов прописали в стандарте Казахстана. По новым правилам, на электросамокате может кататься только один человек, а его скорость не может превышать 25 километров в час. Для управления самокатами, что разгоняются быстрее 50 километров в час, нужны водительские права категории А1, как на мопед.

Документ был подписан 1 июля 2022 года и сразу же вступил в силу. В новом стандарте СТ РК 3769-2022 дано толкование самому понятию «электросамокат». В частности, в нём указывается, что к электросамокатам относятся «электрические транспортные средства индивидуальной мобильности, имеющие два или три колеса, предназначенные для передвижения одного человека посредством использования электродвигателя(ей), не имеющие сиденья, с максимальной конструктивной скоростью не более 25 км/ч, сообщает kolesa.kz.

Расписали подробнее технические требования к электросамокатам и условия эксплуатации.

***В частности, они:***

- Оснащаются электродвигателем(и), батареей напряжением не более 100 В постоянного тока, зарядным устройством на напряжение не более 240 В переменного тока.
- Должны иметь деку, руль, два или три колеса, устройства освещения (фара спереди и фонарь сзади), сигнал, тормозную систему, органы управления.
- Ограничены максимальной скоростью не более 25 км/ч. А при движении задним ходом - не более 6 км/ч.

В стандарте отдельно сказано, что не допускается осуществлять модификацию каких-либо узлов электросамоката с целью увеличения максимальной скорости либо снятия установленного ограничения максимальной скорости.

***На электросамокатах:***

- Максимальный вес водителя, максимальный и, если применимо, минимальный рост водителя, а также максимальный и/или минимальный возраст водителя должны указываться в сопроводительной документации.
- Не должны перевозить дополнительных пассажиров, буксировать другие транспортные средства (в том числе электросамокаты, прицепы, полуприцепы) возить грузы.
- Передвижение осуществляется водителем только в положении стоя.

Так как у производителей есть разные конструкции электросамокатов и типы привода, в стандарте их поделили на два основных вида.

Ранее сообщалось, что с начала года в дорожных авариях погибли более 1 тыс. человек и получили травмы свыше 8 тыс. граждан.

*«Ежедневно на дорогах страны гибнут до семи человек и порядка 70 получают различные телесные повреждения»,* — сказал Жандос Мураталиев.

Только за прошедшую неделю, согласно озвученным данным, по стране зарегистрировано свыше 200 дорожно--транспортных происшествий, в которых погибли около 50 человек и более 200 травмированы.

**ЖШ Акпарат**

***Автомобиль көлігімен***
***жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына***
***10-қосымша***

НЫСАН

Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарландыру

1. Ескелді ауданының әкімінің аппараты 2022 жылғы “29” маусым Қарабұлақ ауылы Оразбекова № 67 мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен ауыларалық тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.
2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:
№1 Маршруты
3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.
4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер қала (облыс, аудан) әкімінің аппаратына конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Қарабұлақ ауылы Оразбекова № 67 мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.
5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2022 жылғы “29” тамыз.
6. 2022 жылғы “22” тамыз конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.
7. Анықтама алу үшін телефондар: 8 (72836) 3-00-13.

***Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелу үшін тиісті лот бойынша Конкурсқа қатысу үшін өтінімді (бұдан әрі – өтінім) Комиссияға конкурстық құжаттамаға қоса берілген конвертке салынған мынадай құжаттарды ұсынады:***

1) қатысушы туралы ақпараттың толтырылған бланкісін;
2) өз қызметін заңды тұлғаны құрмай жүзеге асыратын заңды тұлғаны немесе кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін немесе анықтаманы;
3) сақтандыру полистерінің немесе автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының көшірмелерін;
4) жылжымалы құрамның әрбір бірлігі үшін техникалық паспорттардың және ағымдағы кезеңде жарамды міндетті техникалық тексеруден өту туралы диагностикалық карталардың көшірмелерін. Бұл ретте жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың басқа маршруттарында негізгі ретінде пайдаланылатын жылжымалы құрамды резервтік ретінде, ал резервтікті негізгі ретінде ұсынуға жол беріледі. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың басқа маршруттарында негізгі жылжымалы құрам ретінде пайдаланылатын жылжымалы құрамды негізгі ретінде ұсынуға жол берілмейді;
5) жүргізушілер құрамы туралы анықтама (әрбір жүргізуші бойынша еңбек шарттарының және жүргізуші куәліктерінің көшірмелерін қоса);
6) маршруттың барлық ұзақтығына диспетчерлік сүйемелдеудің және телефонның немесе басқа байланыстың болуы, сондай-ақ техникалық себептер бойынша (қалааралық облысаралық маршруттар бойынша) маршрутта олардың қозғалысы тоқтаған жағдайда автобустарды ауыстыру мүмкіндігі туралы анықтаманы;
7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12221 болып тіркелген) Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесі талаптарына сәйкес жылжымалы құрамды техникалық жарамды күйде ұстау бойынша қажетті жұмыстар кешенін өткізу мүмкіндігін растайтын құжаттардың көшірмелерін, оның ішінде елді мекенде немесе қала маңындағы аймақта, бірақ конкурс ұйымдастырушысының аумағында орналасқан өнеркәсіптік--техникалық базаға құқық белгілейтін және құқықтық куәландыратын құжаттар, профилактикалық медициналық куәландыруды жүзеге асыруға жоғары немесе орта медициналық білімі туралы дипломның көшірмесін қоса бере отырып, медициналық қызметкермен жасасқан шарттың көшірмелерін;
8) жолаушылар мен багажды маршруттың тоқтау пункттері бойынша, соның ішінде маршруттағы екінші дәрежелі тоқтау пункттері бойынша (қалалық және қала маңындағы маршруттардан басқа) тасымалдауға ұсынылатын тарифтер;
9) барлық тұрақты маршрут бойынша автобустар жүргізушілерінің ауысу уақыты мен орнын көрсетумен (қалааралық облысаралық маршруттар бойынша) жүргізушілердің еңбек және тынығу режимі графигін;
10) толтырылған және қатысушының қолымен және мөрімен (бар болса) расталған, конкурстық құжаттама жиынтығына салынған нысандардың санына тең мөлшердегі конкурстық ұсыныстары.

Конкурстық ұсыныстар стандарты ақ парақтарда біркелкі, түзетулерсіз және өшірулерсіз ресімделеді.

***Құжаттармен қоса берілген өтінім нөмірленеді, тігінделеді және конкурсқа қатысушының қолымен, мөрімен (бар болса) бекітіледі.***

**Приложение 10**
**к Правилам перевозок пассажиров**
**и багажа автомобильным транспортом**

ФОРМА

Объявление о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов регулярных внутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа.

Аппарат акима города Ескельдинского района объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов внутри поселковых автомобильных перевозок пассажиров и багажа, который состоится 29 июля 2022 года по адресу: с. Карабулак ул. Оразбекова 67.

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов (маршруты):
Маршрут № 1
3. В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.
4. Желающие принять участие в конкурсе представляют в аппарат акима города Ескельдинского района письменную заявку на получение комплекта конкурсных документов по адресу: с. Карабулак ул. Оразбекова 67.
5. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в Конкурсе: “29” августа 2022 года.
6. “22” августа 2022 года конкурсная Комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса.
7. За справками обращаться по телефонам: 8(728363-00-13).

***Для регистрации в качестве участника Конкурса необходимо представить в Комиссию заявку на участие в Конкурсе по соответствующему лоту (далее - заявка), с приложением следующих документов, вложенных в прилагаемый к конкурсной документации конверт:***

1) заполненный бланк информации об участнике;
2) копию свидетельства или справку о государственной регистрации юридического лица или предпринимателя, осуществляющего свою деятельность без образования юридического лица;
3) копии страховых полисов или договоров обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев автотранспортных средств и договоров обязательного страхования гражданско-правовой ответственности перевозчика перед пассажирами;
4) копии технических паспортов и диагностической карты о прохождении обязательного технического осмотра действительных на текущий период на каждую единицу подвижного состава. При этом подвижной состав, задействованный на других маршрутах регулярных автомобильных перевозок пассажиров и багажа в качестве основного, допускается представлять как резервный, а резервный основным. Не допускается представление подвижного состава в качестве основного, который задействован на других регулярных автомобильных маршрутах перевозок пассажиров и багажа как основной подвижной состав;
5) сведения о водительском составе (с приложением копий трудовых договоров и водительских удостоверений по каждому водителю);
6) сведений о наличии диспетчерского сопровождения и телефонной или другой связи на протяжении всего маршрута, а также о наличии возможности замены автобусов в случае прекращения их движения на маршруте по техническим причинам (по междугородным межобластным маршрутам);
7) копии документов, подтверждающих возможность проведения необходимого комплекса работ по поддержанию подвижного состава в технически исправном состоянии в соответствии с требованиями, установленными Правилами технической эксплуатации автотранспортных средств, утвержденных приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 30 апреля 2015 года № 547 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 12221), в том числе правоустанавливающие и правоудостоверяющие документы на производственно-техническую базу, расположенную на территории организатора конкурса, копии договора с медицинским работником на осуществление профилактического медицинского освидетельствования с приложением копии диплома о высшем или среднем медицинском образовании;
8) предлагаемые тарифы на перевозку пассажиров и багажа по остановочным пунктам маршрута, в том числе и между второстепенными остановочными пунктами на маршруте (кроме городских и пригородных маршрутов);
9) график режима труда и отдыха водителей на протяжении всего регулярного маршрута с указанием времени и места смены водителей автобусов (по междугородным межобластным маршрутам);
10) заполненные и заверенные подписью и печатью (при наличии) участника конкурсные предложения в количестве, равном количеству форм, вложенных в комплект конкурсной документации.

# АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН ЖАН!



***Әр жаратылған тіршілік иесінің ең керемет көрінісі-жақсылық жасау. Ол адам сырт көзге сыпайы,мейірімді әрі өте керемет болып көрінеді. Онысы рас. Сырты бүтін, іші жұлма - жұл. Қызық, өмір сүрудің өзі қызық. Біреулер құмарлықпен, мастықпен өмірдің өлшеулі ғана уақытын қызықты әрі пайдасыз өткізуде, енді біреулер уақытын жеткізе алмауда. Біз бұл тараптың адамдары болмауымыз керек. Өз ойымды ашық айтайын күнделікті тіршілікте,қоғамда,адамдар арасында жақсылық жасауға тырысамын. Жақсылық жасауға адамдарды шақырамын.***

Осы тұрғыда ойыма бір оқиға келіп тұр: Міне, қызық. Айтсаң сөз, сүйектен өтсе дау болады. Мен қызмет атқарған бір мекемеде мен секілді жұмысшы болады, басында бәрі жақсы. Атқарған жұмысы да өзі де. Сөзі түзу, сөзі түзу болған соң ойы түзу екен дедік. Болмады. Әрбір атқарған ісі мен жасаған жақсылығы санаулы екен... әр жасаған сауапты ісінің қайтарымын сұрады. Қолдан келгенше қайтардық. Содан жыл өте, бір кісі жұмысқа келеді. Жасы келген, самайы ағарған. Қызым алғыс айтайын деп едім дейді. Бұл өмірде алғыс айтар жандар бар екен деп, таңырқап қарадым да әңгімесін тыңдадым. Көкірегі қалың елім қазағым, ата -жұртым деп тұр. Құдай берген дене мүшем сау болса, қолдан келген көмегімді аямаймын дейді кейіпкерім. Көзі нұрланып, жүзі жадыраған апам Ескелді ауданы зағиптар қоғамының өкілі - Айман Дәулетханқызы. Айман Дәулетханқызы өзі жүріп өткен сара жолында қаншама адам көрді. Ел мен жерді көрді. Жүрген жолы ерекше дараланып, тағы қандай жақсылық жасасам деген оймен жүреді. Өзі жақсылық жасап жүріп, жақсының жақсылығын айтып жүреді. Бүгінгі айтар жақсылығы Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылының наиб имамы Бақытбек Ертай. Бұл кісінің жақсылығын ерекше айтып өтінген соң, алғыспен қана тоқталмайық деп біз сұхбатқа тарттық.



***– Ертай аға, сіздің имамдыққа келуіңіздің басты себебі неде?***

– Әуелі Алла сосын, Жан қалауым. Имамдылық қызмет үлкен жауапкершілікті, білімді қажет ететін біле тура осы жолға түстім. Жалпы осы қызметке келгеннен кейін жанжақты, парасатты, төзімді бола білу керек. Ең бастысы, имам болғаннан кейін адамның бойындағы бүгінгі таңдағы керек нәрсе қоғаммен етене араласып жұмыс жасауың шарт. Яғни қоғамның барлық ішкі жағдайларының басы қасында имам жүріп, қызмет жасауы тиіс. Әрине, бұл қызметті ешкім имам боламын деп арнайы ілім алмайды ғой, дінге ілімді Алла тағала ақ пен қараны ажырату үшін, құран аяттарын, пайғамбар өсиеттерін бойға сіңіру үшін, бұл дүниеміздің, ахиретіміздің бақыты үшін алады. Алла Тағала діни ілімді алуда осы имамдық қызметті нәсіп етті. Мен осы қызметті 11 жыл атқарып жүрмін. Халыққа керемет бір пайдам тимесе де, зияным тимесін. Әрине біздерден де мықты, біздерден де білімді, қоғамда басқара алатын асыл адамдар көп. Бірақ Алла тағала соның ішінде өзінің қалағанын таңдап қояды дейді ғой. Бізді осы қызметке таңдағаннан кейін барынша халыққа, елге зиянымыз тимесін, халыққа зиянымыз тимегесін бір имамға, бір дін қызметкеріне айтылған «ондай екен, сондай екен» деген сөздерінің біздің қаншама жасап жатқан тірлігімізге зияны тиеді. Өйткені, біздің қоғамымызды қазіргі таңда білесіздер, әртүрлі сындар болып жатады. Дінге қатысты, имамдарымызға қатысты. Дін қызметкері менің ойымша, халықтың, елдің дінге деген көзқарасын оң қалыптастырып, халық имамдарымыздың көргенде дініміздің көрінісін көргенде «дін деген осы екен ғой» деген сияқты күйде болуы керек. Сол үшін мен ойлаймын, менің бағытым да, ұстанымым да сол, барынша осы дінде шамамыз келгенше халықтың игілігіне жұмыс жасап, әрі бүгінгі қоғамға осы дінімізге ешқандай күйе жұқтырмау. Қазіргі уақытта сәләфиттік көзқарастар, басқа да түрлі көзқарастар дінге сын болып жатқан уақытта дінімізді халқымыз осы уақытқа дейін қалай құрметтеген болса, имам молдаларымыз қалай сыйлаған болса, дініміздің түзу екенін көз жеткіздіру үшін қызмет атқарып жатырмыз.

***– Адамның бір нәрсеге көңіл бөлуі үшін қандай да бір себеп болады, немесе бір адамның сөзі болмаса өзі себеп болып жатады. Сіздің имамдық жолға түрткі болған себепкер бар шығар?***

– 2000-шы жылы Әкем өмірден озады. Мен небәрі 16- ақ жастамын. Ауыл имамдарынан жасырын дәріс аламын. Құран кәрімге деген ықылысымның тығылып жүріп оқығаннан да күшейе түсті. Күннен күнге білімімді жетілдіре түстім. Жаттадым, түсініп оқып, тереңіне үңілдім. Діннің, исламның ілімі білесіздер, өте терең. Оны қаншалықты оқыған сайын адам одан соншалықты ләззат алады. Өзіне керемет қор дүние жинайды. Бүгінде оқыған азаматтарға халық мұқтаж.

***– Бүгінгі күні ауданда қанша мешіт бар?***

– Ескелді ауданы бойынша 17, Қарабұлақ ауылында 1.

***-Сізге деген халықтың құрметі ерекше. Сіздің ойыңыз?***

-Халқымның маған деген жақсы ниеттеріне Аллаға сансыз шүкір. Соған лайықты болуыма күнделікті дұғадамын. Анам мен әкем жастайымнан бойыма адамгершілік қасиеттер мен адалдық суын тамызып өсірді. Бойыма жақсының барлық қасиеттерін дарытты. Елдің ала жібі мен кесапатын аттамауға үйретті. Демек, осы қағидаларды бойыма жақсы сіңірдім деп ойлаймын. Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жанар деген де осы болар.

***- Ертай аға бүгінгі өскелең ұрпақтың жат ағымдардың жетегіне еруінің басты себебі не деп ойлайсыз?***

- Қасиетті Құран Кәрімнің алғашқы аятында Аллаһ Тағала «Оқы!» деген. Адамға өмір бойы білім алу парыз етілген. Адамдардың теріс жолға түсіп, адасуының бірден-бір себебі – сауатсыздық., надандық. Діни білімнің жоқтығы. Білімді медресе-мешіттерден, діни білімі бар имамдардан алу керек. Өзі адасып жүріп, басқаларды да адастыратындар бар. Адасқандардың қатарына ілінбей, жан -жаққа жақсы көзқараспен қарау қажет. Адастырушылардың қайда, кімнің алдынан оқығаны да белгісіз. Өзінің дұрыс па, бұрыс па, ол жағын ойламай, білгенін өзгелерге үйретеді. Бұл да надандық.

***- Жастар көбіне қандай бағыттардың құрбанына айналады?***

- Түрлі діни ағымдардың өкілдері әлеуметтік желілерде ұтымды пайдаланады. Олардың қатарында тәкбіршілік, хизбутшылық, құраншылдық, уахабшылдық, салафизм сияқты неше түрлі бағыттар бар. Олардан өте сақ болып, барынша бойды аулақ салу керек. Ондай ағымдарға белгісіз «ұстаздарды» тыңдаушылар түсіп кетеді.

***- Жастарды арандатып, экстремизмді насихаттайтындарды анықтау мақсатында Қазақстан мешіттері тарапынан қандай жұмыс жүргізіледі?***

- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бірнеше жұмыс бағыты бар. Қайырымдылық, сауат ашу және теріс ағымдармен күрес. Бұл орайда басқарма жанынан арнайы республикалық ақпараттық-насихаттық тобы бар. Оның құрамына оқыған белгілі ғалымдарымыз кіреді, Қазақстанның түрлі облыстарына барып та жұмыс істейді. Сонымен қатар, өңірлерде де осындай ұйымдар бар. Насихат топтары жүйелі түрде жұмыс істейді. Мәселен, экстремизм, терроризм үшін түзету мекемелерінде жазасын өтеп жүрген сотталушылармен жұмыс істейді. Жат ағымдардың жетегінде жүріп, мешітке келетіндер де баршылық. Олармен де кездесулер ұйымдастырылып, әңгіме жүргізіледі.

***- Қазіргі ата-аналар баласы дінге бет бұрып, намаз оқи бастаса үрке қарайды. Осындай жағдайда оларға қандай кеңес берер едіңіз?***

- Бала – ата-анаға аманат. Оған барынша жақсы тәрбие беруі – парыз. Ұрпағымызды өз дініне, салтына, әдет-ғұрпына бейімдеп үйрететін болсақ, олар адаспайды. Ата-ана өзі бірінші мешітке келіп, газет-журнал, кітаптарды оқуы керек. Баласын имам, ұстаздармен таныстырып, дұрыс жол сілтейтін болса, жастар адаспайды. Бір отбасынан шыққан ағайындар арасында бірін-бірі кәпір санап, жік-жікке бөліну белең алып барады. Ол да білімсіздіктің кесірі. Қазір қаншама адам намаз оқып, ораза ұстап, садақа беріп, мұсылманшылыққа бет бұрып жатыр. Дінге қызығушылық бар. Барлық мешітте сауат ашу курстары жұмыс істейді. Ата-ана баланы жастайынан үйрету керек. Өздігінен білім алушылар үшін жат ағымдардың жетегінде кетіп қалу қаупі жоғары. Үйден дұрыс бағыт берсек, бала қайдан бұзылар.




Бағдаршамның жану бағыты дұрыс болса, артынан ергенде оң бағытпен жанады. Қайырымдылыққа, табандылыққа, еңбекқорлыққа туылғаннан, әсте іште жан біткен кезден ақ балаға құю керек. Бала бауыр етің. Сол еттің бауырдан теппей, дара, сана жолмен жүруге біз бағыт беру басты борышымыз.

***-Бала тәрбиесі қоғам мәртебесі. Сіз бұған не дейсіз?***

-Қоғаммен бала тәрбиесі егіз ұғым. Жоғарыда айтып өткенімдей бала біздің әлем. Біз оларға айнамыз. Бізге қарап олар бой түзейді. Баланы мейірімділікпен қайырымдылыққа үйретуіміз қажет. Садақа беруге дәріптеуіміз керек. Садақа, зекет, жағдайы жоқ жандарға қол ұшын созуға жастайынан бойына сіндірсек нұр үстіне нұр болар еді. Қоғам болып бала тәрбиесімен атсалысуымыз қажет. Қоғамның әрбір мүшесі біздерміз.

***- Шет елдерде діни білім алу қаншалықты қауіпті?***

- Өзге мемлекетке барып діни білім алу үшін жастар дәстүрлі дінімізді білуі шарт. Алдымен, төрт мәзхабты айыра білуі керек. Теріс ағымдардың көбі мәзхабты мойындамайды. Елімізде діни білім беретін университет, колледж, медреселер бар. Арнайы оқу орындарын аяқтап, діни басқарманың рұқсатымен ғана шет елге шыққан абзал.

***- Бүгінде негізгі ақпарат көзі – интернет. Өкіністі, әлеуметтік желіге әркім ойына келгенін салады. Жалған мәліметтердің жолында адасып кетпеу үшін не істеу керек?***

- Мүфтияттың, мешіттердің ресми сайты бар. Олар күнделікті толықтырылып, жаңартылады. Жастар арасында танымал адамдардың, әншілердің уағызын ғана тыңдайтындар бар. Олардан ғалымдар туралы сұраса, бейхабар болып шағады. Ең дұрысы, елімізге белгілі ғалымдардың ғана уағызын тыңдап, ресми ақпарат көзінен ғана мәлімет алу керек.



***– Шаш бояуға көзқарасыңыз қандай? Қазіргі жастардың арасында өздерін түрлі шет ел топтарына еліктеп, шаштарын түрлі түске бояп тастайды. Бұған не дейсіз?***

– Қоғамда имандылық болмаса бұндай дерттің талайы дендеп алады. Қазір көшеде кетіп бара жатсаңыз адамдар неліктен қатігез болып бара жатқанын байқайсыз. Ешкім ешкімді аямайды. Көше мәдениеті, жанашырлық, осы ел маған қанша ақша береді екен, маған жұмыс береді ме екен деп емес, мен еліме не береді екем деген сияқты көзқарас жоқ. Мұның барлығы қарап отырсақ, адам баласының ашкөздік, имансыздықтан туатын нәрсе.

***– Өзіңіздің ұстанған бір ұстанымыңызды айтсаңыз. Біреуге көп жақсылық жасамасам да зияным тимесін деген ол сіздің бір ұстанымыңыз деп білеміз...***

– Қызмет саласында да , өмір сүру жолындағы өмірлік ұстанымым да жақсылық жасау. Ал қызмет бабында ең бастысы кез-келген имамдарға мен талап етуден бұрын, талап етуге лайықты болуың. Сол талап еткен тірліктің аясында өзі соның жанашыры екенін көрсетуі керек. Мешітке жаны ашып, өзің басы қасында болып кәдімгі сол тірліктің ішінде жүрсең, оны ертең біреуге айтқан кезде де әсері болады. Мен осы нәрсені көбіне ұстанамын. Осы орында отырғаннан кейін лауазымдық қызметті пайдаланып, қызметкерлерге жеке басымдағы шаруаларды араластырмаймын. Жұмыс бабында кез-келген мәселені қызметкер жасына, басқа қызметіне маған жақындығына жұмыс барысында көңіл бөлмеймін. Кез-келген азаматқа жұмыс үлкен міндет болғаннан кейін, оған тапсырылғаннан кейін одан талап етуге барымды саламын. Сондықтан Аллаға шүкір бүгінгі таңда барлық қызметкерлерге дауыс көтермеймін. Ақырын түсіндіремін, егер ол қолынан келмесе басқа нәрсеге жұмсаймын. Оған сіз қанша айғайлап ұрысқанмен қолынан келмесе, бәрібір қолынан келмейді. Әркімге өзінің қолынан келетін жұмысын беруге мен барымды саламын. Соған бағыттаймын. Кімнің қолынан не жұмыс келеді соған оны тәрбиелеймін. Ол сол саланың маманы болып шығуы керек қой.

***– Қорытындылай келе біздің оқырмандарға айтар кеңесіңіз. Бір жақсы ұсыныстарыңызды айтсаңыз.***

– Әркім өз алдына дұрыс өмір сүрсе. Ешкімге, ешқайда еліктемей, жанына тек жақсыны ғана түйіп, жаманнан аулақ болса деген үміт. Жат елден еліктеп ешнәрсе ұтпаймыз, осыны ұқса. Әрбір Қазақстан азаматы құлағанға демеу, сүрінгенге арқа болсақ, бұл өмірде жамандық жасайтын адам саны азаяр еді. Садақа берсек, жылағанның жасын сүртсек нұр үстіне нұр болар еді.

